



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттары – «Ақ жол»
Қазақстан Демократиялық
партиясы фракциясының
мүшелеріне**

*2021 жылғы 18 наурыздағы
№ ДС-112 хатқа*

Құрметті депутаттар!

Сіздердің ветеринария саласындағы мәселелерге қатысты сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

2020 жылғы 7 қазанда Қазақстан Республикасы Президентінің қатысуымен өткен коронавирустың екінші толқынына дайындық мәселелері жөніндегі кеңесте ветеринариялық қызметті нығайту және дамыту жөніндегі тапсырманы орындау мақсатында 2021–2023 жылдарға ветеринариялық қызметті дамыту және нығайту бойынша кешенді шаралар әзірленіп, олар жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты, ветеринариялық препараттардың айналымын қадағалауды, жануарлардың ауруларын болжау, ветеринария саласында сапалы кадрлар құрамын дайындау және қамтамасыз ету, сондай-ақ қолданыстағы ветеринарлық мамандар мен инспекторлардың біліктілігін арттыру, ветеринария саласында цифрландыру, ветеринариялық қызметтің тиімділігін арттыруды жүзеге асыру шараларын қамтиды.

Сонымен қатар ветеринариялық саланы дамыту бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы толық ақпаратты қосымшаға сәйкес жолдап отырмыз.

Қосымша: 6 парақта.

Р. Скляр

*Д.Ж. Қалиев
74-55-10*

1. Вакциналар жөнінде.

Ветеринариялық дәрілік заттарды өндіруге қойылатын талаптарға қатысты, Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2016 жылғы 3 қарашадағы № 77 шешімімен бекітілген, Еуразиялық экономикалық одақтың тиісті өндірістік практикасының қағидалары (одан әрі – Қағида) 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енді.

Қағидаға сәйкес, GMP стандарты (Good Manufacturing Practic, тиісті өндірістік тәжірибе) – дәрілік заттарды, медициналық құрылғыларды, диагностикалық мақсаттағы бұйымдарды, тамақ өнімдерін, тағамдық қоспалар мен белсенді ингредиенттерді өндіруге қатысты нормалар, ережелер мен нұсқаулар жүйесі. Тек осы үлгілердің (осы партияға жақын уақытта дайындалған партиялардың) пайдалануға жарамдылығын қамтамасыз ететін осындай өнімдердің таңдаулы үлгілерін зерттеу арқылы сапаны бақылау процедурасынан айырмашылығы, GMP стандарты өндіріс пен зертханалық тексерудің нақты параметрлерін реттейді және бағалайды.

Қазақстанда Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің шеңберінде 2021 жылдан бастап халықаралық GMP стандарты республиканың барлық биопрепараттар өндірушілері үшін міндетті болып табылады.

Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы жануарларына «Ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 29 маусымдағы № 7-1/587 бұйрығының 1088-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында бруцеллезге қарсы вакциналауға жол беріледі.

Бруцеллезге қарсы вакцина Қазақстан Республикасында немесе Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде тіркелген болуы және www.oie.int сайтында жарияланған, Дүниежүзілік жануарлар саулығы ұйымы ұсынған тізімде болуы тиіс.

Бруцеллезге қарсы вакцинаны таңдауды жануарлар иелері жүзеге асырады. Бұл ретте, жануарлар иесі ЖАО-ның ветеринариялық дәрігеріне жануарларды вакциналау басталғанға дейін күнтізбелік 7 күн бұрын вакциналаудың жүргізілетіндігі туралы, сондай-ақ таңдалған бруцеллезге қарсы вакцина және оны қолдану әдісі туралы хабарлайды.

Сонымен қатар, ветеринариялық қызметті одан әрі дамыту және нығайту, ветеринариялық және тамақ қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында АӨК дамыту жөніндегі 2022-2026 жылдарға арналған ұлттық жоба шеңберінде ветеринария саласындағы негізгі проблемалық мәселелерді шешуге бағытталған шараларды іске асыру бөлігінде бірден бір бағыты, бұл – жануарлар ауруларын болжау жүйесін енгізу, жануарлар ауруларына қарсы күрестің қолданыстағы стратегияларын оқыту, талдау және қайта қарау, жануарлардың аса қауіпті ауруларының тізбесін қайта қарау және т.б. арқылы жануарлар ауруларын нашар болжау болып табылады. Сол себепті, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі жануарлардың аса қауіпті ауруларына қарсы күрес жөніндегі стратегияға халықаралық талаптарға сәйкес, оның ішінде жануарлардың бруцеллезі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізуді жоспарлап отыр.

2. Орталықтандырылған сатып алу.

Ветеринариялық қызметті одан әрі дамыту және нығайту, ветеринариялық және тамақ қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында АӨК дамыту жөніндегі 2022-2026 жылдарға арналған ұлттық жоба шеңберінде қарау жоспарлануда.

2021 жылға 14,6 млн. дана құлақ сырғасын сатып алу жоспарланған, олар мемлекеттік мүліктің бұйрығымен ағымдағы жылдың мамыр айында жергілікті атқарушы органдарға берілетін болады.

3. Мал шаруашылығының ақпараттық жүйесі.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті мен «Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы» КЕАҚ (бұдан әрі – Қоғам) арасында 2020 жылғы 31 қаңтардағы №2/1 «Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі порталдық нұсқа» мемлекеттік ақпараттық жүйесін және «Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру» ақпараттық жүйесі (ЭЕМ бағдарламасы) (бұдан әрі – АШЖБ АЖ) атты авторлық құқық объектісіне айрықша құқықтарды кейіннен сатып алу құқығынсыз сенімгерлік басқаруға 3 (үш) жыл мерзімге беру туралы шарт (бұдан әрі – Шарт) жасалды.

АШЖБ АЖ нұсқасының ескіргенін (10 жылдан астам уақыт бұрын пайдалануға енгізілген) ескере отырып, өткен жылы Қоғам шарттық қатынастар шеңберінде оны жаңғырту бойынша жұмыстар жүргізді. Мәселен, 2020 жылы 16 желтоқсанда АШЖБ АЖ-ны жаңа платформаға көшіру жүзеге асырылды.

АШЖБ АЖ-да дербес деректердің болуына байланысты, оны бірнеше операторға беруге болмайтынын хабарлаймыз.

Сонымен қатар, АШЖБ АЖ-ны дамыту жөніндегі 2021 жылға арналған жоспар-кестеге сәйкес АШЖБ АЖ-ны дамыту бойынша жұмыстар жүргізілуде.

4. Материалдық-техникалық жарақтандыру.

Қазақстан Республикасының «Ветеринария туралы» Заңының 11-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес ветеринария саласындағы уәкілетті орган бекітетін тізбеге енгізілген жануарлардың аса қауіпті ауруларының диагностикасы мемлекеттік монополияға жатқызылған функцияларға жатады және оны Қазақстан Республикасының Үкіметі құрған «**Республикалық ветеринариялық зертхана**» республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – «РВЗ») жүзеге асырады. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 30 қазандағы № 7-1/559 бұйрығымен бекітілген жануарлардың аса қауіпті ауруларының тізбесі, диагностикасы бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Мүше мемлекеттердің аумақтарында жануарлардың жұқпалы ауруларын (оның ішінде мүше мемлекеттер үшін экзотикалық) қоздырғыштардың болуын (болмауын) анықтау жануарлардың жұқпалы ауруларына зертханалық зерттеулер (сынақтар) жүргізудің міндеті болып табылады. Жануарлардың жұқпалы ауруларына зертханалық зерттеулердің (сынақтардың) алынған нәтижелерінің негізінде уәкілетті орган:

аумақтың эпизоотиялық салауаттылығын қамтамасыз ету бойынша қабылданатын ветеринариялық-санитариялық шаралардың тиімділігі мен толықтығын бағалау;

жануарлардың жұқпалы аурулары қоздырғыштарының таралу дәрежесін (кеңдігін) және жануарлардың жұқпалы аурулары қоздырғыштарының таралуына ықпал ететін немесе кедергі келтіретін жағдайларды (себептерді) айқындау;

объектілердің ветеринариялық-санитариялық жағдайын анықтау;

ветеринариялық-санитариялық шараларды жетілдіру мақсатында жануарлар ауруларына зертханалық зерттеулер (сынақтар) нәтижесінде алынатын статистикалық деректерді жинау және талдау.

Осылайша, «РВЗ»-ның негізгі мақсаты өңірлердегі эпизоотиялық жағдайды анықтау үшін Қазақстан Республикасының бүкіл аумағы бойынша ауыл шаруашылығы жануарлары мен құстарының арасында аса қауіпті инфекцияларға скринингтік диагностикалық зерттеулер жүргізу болып табылады.

Мемлекеттің бәсекелестік нарықта қандай да бір тауарды өндіруге, өткізуге немесе сатып алуға арналған мемлекеттің айрықша құқығы мемлекеттік монополия болып табылады (ҚР Кәсіпкерлік кодексінің (бұдан әрі-Кодекс) 193-бабының 1-тармағы).

Мемлекет тауарларды бәсекелес нарықта өткізу конституциялық құрылыстың, ұлттық қауіпсіздіктің, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың, халықтың денсаулығын сақтаудың жай-күйіне теріс ықпал етуі мүмкін қызмет салаларында тауарды өндіруге және (немесе) сатуға, сатып алуға немесе оларды пайдалануға мемлекеттің айрықша құқығын заңмен бекіту жолымен бәсекелестікті шектеуге құқылы (Кодекстің 193-бабының 2-тармағы).

Айрықша құқықты іске асыру мемлекеттік монополия субъектісін құру жолымен жүзеге асырылады. «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясын, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорын, мемлекеттік техникалық қызметті қоспағанда, Қазақстан Республикасының Үкіметі не Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік кәсіпорын ғана мемлекеттік монополия субъектісі бола алады (Кодекстің 193-бабының 3-тармағы).

Осыған байланысты, елдің ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша міндеттерді орындау мақсатында мемлекеттік монополия субъектісі ретінде «РВЗ» құрылды.

Бүгінгі күні, бәсекелестік ортаға ҚР базарларында мал шаруашылығы өнімдерін ветеринариялық-санитариялық сараптау бойынша ветеринариялық қызметі берілді.

Сонымен қатар, басқа да ветеринариялық қызметтерді бәсекелес ортаға беру орынсыз болып табылады, өйткені бұл шара жануарлар мен адам денсаулығының қауіпсіздігіне қатер төндіреді, сондай-ақ бақылау мен қадағалауды қамтамасыз етпейді. Тауарларды бәсекелес нарықта өткізу Конституциялық құрылыстың, ұлттық қауіпсіздіктің, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығын қорғаудың жай-күйіне теріс әсер етуі мүмкін.

5. Маман тапшылығы.

2020-2021 оқу жылына арналған білім беру бағдарламаларының топтары бөлінісінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес (ҚР БҒМ 2020 жылғы 18 мамырдағы № 210 бұйрығы) ағымдағы оқу жылына жоғарыда көрсетілген бағыт бойынша 1047 грант бөлінді.

Ветеринариялық қызметті одан әрі дамыту және нығайту, ветеринариялық және тамақ қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында АӨК дамыту жөніндегі 2022-2026 жылдарға арналған ұлттық жоба шеңберінде ветеринария саласындағы негізгі проблемалық мәселелерді шешуге бағытталған шараларды іске асыру бөлігінде бірден бір бағыты, бұл – сапалы кадрлық құрамды дайындау және қамтамасыз ету, біліктілікті арттыру, оқыту бағдарламалары, ақпараттық буклеттер, тренингтер мен оқу-жаттығулар, келіссөз жүргізуші сарапшылар тобын, ҚР АШМ өкілдерін ҚР елшіліктерінде және т.б. дайындау және қамтамасыз ету арқылы ветеринария мамандарының, АӨК субъектілерінің және халықтың төмен деңгейдегі хабардарлығы мен ветеринариялық сауаттылығын арттыру болып табылады.

Ветеринариялық маманның айлық ақысын көтеру бойынша

«Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасы Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес ЖАО ветеринария саласындағы функцияларды жүзеге асыру мақсатында мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарды (бұдан әрі – Ұйым) (мемлекеттік мекеме немесе кәсіпорын нысанында) құрады.

«Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес:

- кәсіпорындарды ЖАО белгілейді, ал еңбекке ақы төлеу нысандарын, штат кестесін, лауазымдық айлық ақылардың мөлшерін, өзге де сыйақыға сыйлықақы беру жүйесін кәсіпорындар белгіленген еңбекке ақы төлеу қорының шегінде дербес айқындайды;

- мемлекеттік мекеме «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысына сәйкес белгіленеді.

Шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорын түрінде құрылған ұйымдардың жұмыскерлеріне («Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысы) қауіпті және аса қауіпті инфекциялар қоздырғыштарымен және материалдармен жұмыс істегені үшін базалық лауазымдық айлық ақыдан 140% қосымша ақылар мен үстемеақылар көзделген.

Бұл ретте, аудандық ветеринариялық станциялар мамандарының орташа ай сайынғы еңбекақысы ветеринариялық дәрігерде (жоғары білімді) зейнетақы жарнасын және салық аударымдарын шегермегенде – 117,0 мың теңгені, ветеринариялық фельдшерде (орта білімді) – 87,0 мың теңгені, ветеринариялық пункттер мамандарының орташа ай сайынғы еңбекақысы ветеринариялық дәрігерде – 94,0 мың теңгені, ветеринариялық фельдшерлерде – 89,0 мың теңгені

кұрайды.

Бұл ретте Ұйым ветеринария саласында ақылы негізде қызмет көрсете алады. Мұндай жұмыстарды жүргізуден алынған табыс қызметкерлерге еңбек ақы төлеуге және оларға сыйлықақы беруге де пайдаланылуы мүмкін.

Ұйымды қаржыландырудың негізгі көзі ветеринария саласындағы функцияларды орындауға бюджеттен көзделген қаражат болып табылады (2020 жылға арналған жергілікті бюджеттерден шамамен 21,7 млрд.теңге көзделген) және аз бөлігін ақылы қызмет түрлерін көрсетуден түскен қаражат құрайды. Бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) көлемі шеңберінде кәсіпорын өндіретін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын ЖАО-мен келісу бойынша кәсіпорын белгілейді.

Бұл ретте 2019 жылы заңнамалық актілерге ЖАО-ның ветеринариялық қызметінің құрылымын өзгерту бөлігінде енгізілген түзетулер (мемлекеттік ветеринариялық ұйымдардың облыстық деңгейге бағыныстылығы) облыс деңгейінде ветеринариялық мамандардың еңбекақысын реттеуге және Ұйымның ветеринариялық іс-шаралар жүргізуіне арналған бірыңғай прејскурантты айқындауға мүмкіндік береді (түзетулер қабылданғанға дейін аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар деңгейінде реттелді).

6. Малдың жүріп-тұруын қадағалау жүйесі.

Жеке нөмірлердің эмиссиясы жөнінде дерекқорды жүргізуді процессингтік орталық («Республикалық эпизоотияға қарсы отряд» республикалық мемлекеттік мекемесінде құрылымдық бөлімшесі) жүзеге асырады.

Анықтама ретінде: Заңның 1-бабының 39-3) тармақшасына сәйкес процессингтік орталық – функцияларын осы Заңға сәйкес жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасының Үкіметі құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымның құрылымдық бөлімшесі;

Бүгінгі таңда, нөмірлердің эмиссиясын беру ұлттық деңгейде қарастырылған.

Сонымен қатар, 2020 жылдың соңында Министрліктің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің жұмысын күшейту үшін Комитет төрағасының 2 орынбасары тағайындалды, олардың біреуі төраға міндетін атқарады.

Жалпы алғанда, Қазақстан Республикасының Үкіметі мал шаруашылығының табысты және тұрақты дамуының, сондай-ақ қоғамдық денсаулық қауіпсіздігінің кепілі болып табылатын ветеринариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерін тұрақты бақылауда ұстайды.

Бұдан басқа, республика бойынша жыл сайын орны ауыстырылатын мал шаруашылығы өнімдерінің импорты мен экспорты бойынша экономикалық көрсеткіштердің өскенін ескере отырып, өңірлерде де, шекарада да ветеринариялық дәрігерлердің және ветеринариялық инспекторлардың өндірістік қызметтегі жүктемесі ұлғаюда. Осыған байланысты ветеринария саласындағы сапалы кадр құрамын даярлау және қамтамасыз ету, сондай-ақ жұмыс істеп тұрған ветеринариялық мамандар мен инспекторлардың біліктілігін арттыру мәселелері пысықталатын болады.
